

**Жоғары білім беру секциясының
ОӘБ Оқу-әдістемелік бірлестігі жұмыс кеңесінің
№ 16 ХАТТАМАСЫ**

Астана қ.

2026 жылғы «1» шілде

Өткізу форматы: қашықтан (WhatsApp)

Төрағаның орынбасары: Смаилова Ж.К.

Хатшы: Шакеева А.Р.

Қатысқандар: Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының өкілдері (тізім бойынша), ОӘБ Жоғары білім беру секциясының мүшелері.

КҮН ТӘРТІБІ

«1. Медицина» және «Педиатрия» білім беру бағдарламалары бойынша пәндер циклдері мен жекелеген пәндердің кредиттер көлемін бөлу бөлігінде Медициналық білім беру бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың (МЖМБС) жобасына өзгерістер енгізу туралы.

ТЫНДАЛДЫ: Отырыс барысында жоғары оқу орындарынан келіп түскен Медициналық білім беру бойынша МЖМБС жобасын жетілдіруге қатысты ұсыныстар қаралды. Талқылау барысында қатысушылар келесі ұсыныстарды енгізді:

- «Медицина» және «Педиатрия» білім беру бағдарламалары үшін **«Молекулалық биология және генетика»** пәнінің көлемін **5 кредиттен 8 кредитке дейін** ұлғайту, аталған пәннің болашақ дәрігерлердің іргелі даярлығын қалыптастырудағы маңыздылығын ескере отырып;
- пәннің кредит көлемін **жоғары оқу орны компонентінің** көлемін қысқарту есебінен ұлғайту;
- жоғары оқу орны компонентінің көлемін **28 кредиттен 25 кредитке дейін** қысқарту;
- жұмыс берушілердің анатомиялық даярлық сапасына қойып отырған талаптарын ескере отырып, **«Анатомия»** пәнінің көлемін өзгеріссіз қалдыру;
- МЖМБС жобасының жалпы құрылымына елеулі өзгерістер енгізбей, тек жекелеген пәндердің кредит көлемін түзетумен шектелу;
- базалық және бейіндеуші пәндердің ең төменгі көлеміне қатысты жобалық құжаттар арасындағы сәйкессіздіктерді қосымша пысықтау қажеттігін атап өту;
- әзірлеушілерге жоғары оқу орындарының ұсыныстарын ескере отырып, МЖМБС жобасының соңғы редакциясын дайындауды ұсыну.

Талқылау барысында сондай-ақ:

- МЖМБС жобасы келісу сатысында екендігі және негізделген өзгерістер енгізуге мүмкіндік бар екендігі;
- «Молекулалық биология және генетика» пәнінің кредит көлемін ұлғайту туралы ұсынысты қатысушылардың басым бөлігі қолдағаны;
- «Анатомия» пәнінің көлемін ұлғайту туралы ұсыныс білім беру бағдарламасының жалпы көлемін сақтау қажеттілігіне байланысты қолдау таппағаны;

- жобаны медициналық білім беру бағдарламалары бойынша ЖБТ-ға қосымша қарауға ұсыну қажеттігі атап өтілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. «Медицина» және «Педиатрия» білім беру бағдарламалары үшін **«Молекулалық биология және генетика»** пәнінің көлемін **8 академиялық кредитке** дейін ұлғайту туралы ұсыныс қолдау тапсын.
2. Пәннің кредит көлемін ұлғайту **жоғары оқу орны компонентінің** көлемін **25 академиялық кредитке** дейін қысқарту есебінен жүзеге асырылсын.
3. **«Анатомия»** пәнінің кредит көлемі өзгеріссіз қалдырылсын.
4. МЖМБС жобасының жалпы құрылымына өзге де түбегейлі өзгерістер енгізілмесін.
5. МЖМБС жобасын әзірлеушілерге:
 - базалық және бейіндеуші пәндердің ең төменгі көлеміне қатысты көрсеткіштерді өзара сәйкестендіру;
 - жоғары оқу орындарының келісілген ұсыныстарын ескеру;
 - МЖМБС жобасының соңғы редакциясын келесі қарауға енгізу тапсырылсын.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Төрағаның орынбасары: Смаилова Ж.К.

Хатшы: Шакеева А.Р.